

**Ақсу кентінің ЖОББ №2 мектебінің 2023-2024 оқу жылында
1-тоқсанның қорытындысы бойынша
оқу-тәрбие жұмысын талдау**

Мақсаты: мұғалімнің педагогикалық қызметі арқылы мемлекеттік білім беру стандарттарын сапалы іске асыру.

Мектеп жұмысының негізгі бағыттары:

1. Педагог кадрлардың үздіксіз кәсіби өсуі, педагогтардың біліктілікті арттыру саласындағы жобалар мен бағдарламаларды іске асыруға белсенді қатысуы үшін жағдайлар жасау. Арнайы білім беру мәселелері бойынша мұғалімдерді курстық даярлықтан және қайта даярлаудан өту мүмкіндігін қамтамасыз ету.
2. Педагогикалық практикаға инновациялық технологияларды игеру және енгізу бойынша мұғалімдердің жұмысын жандандыру;
4. Курстық даярлықтан өту, аттестаттау және өздігінен білім алу арқылы мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін жетілдіру;
5. Әлеуметтік, коммуникативтік және педагогикалық біліктілікті арттыру үшін жағдайлар жасау

Оқу қызметі мектептің білім беру қызметінің негізгі түрі болып табылады. Ол оқу сабақтарының барлық түрлерін ұйымдастыру мен өткізуді, ағымдағы бақылау кезінде білім алушылардың теориялық және практикалық даярлық деңгейін бағалауды, мұғалімдердің білім алушылармен және мектеп құжаттамаларымен жұмыс істеу кезінде нормативтік актілердің талаптарын сақтауын қамтиды.

Жаңа 2023-2024 оқу жылында мұғалімдердің сағат жүктемелері бөлініп берілді. Мектеп бойынша 30 пән мұғалімі және 7 қосымша қызметкер бар. Сыныптарға сынып жетекшілері тағайындалып, бекітілді. Оқушылардың жаздық қозғалыс есебі жасалып, аудандық оқу бөліміне тапсырылды. Мектепте оқу жылын 21 сынып 1-11 сыныпта (11 мемлекеттік тілде оқитын сыныптар, 10 мемлекеттік емес тілде оқитын сыныптар – 180 оқушы), 2 мектепалды даярлық сыныптармен (1 қазақ, 1 орыс тілінде- 15 оқушы), жалпы 195 оқушымен бастадық. Тоқсан бойынша 1 оқушы станция Ақсу мектебіне мекенжайына байланысты ауысты.

1 тоқсан қорытындысы бойынша 2-11 сынып аралығында 179 оқушының 26-сы оқушы оқу озаты (11%), 81 оқушы оқу екпіндісі (42%) жалпы білім сапасы мектеп бойынша 52% көрсеткішпен аяқтады. Оқу жылында кестеге сай пән бойынша онкүндіктер өткізілді.

I тоқсан бойынша мектеп әкімшілігі тарапынан сабақтарды бақылау жүргізіліп, оқушылардың сабаққа қатысуы, мұғалімдердің сабақ жүргізу деңгейі бақылауда ұсталды.

1. Қазан айында Қалалық білім бөлімі тарапынан жүргізілген мониторинг бойынша, жасалған кемшіліктермен түзеті жұмыстары жүргізілді. Күнделік жүргізу нұсқаулығы. Жалпы күнделікті тесеру, қайта толтыру, уақыт өткізіп алмай жедел жұмыс жасау туралы ақпараттар беріліп мұғалімдерге көмек көрсетілді.
2. Мектепшілік география пәнінен олимпиадаға өткізілді. мектепшілік олимпиадаға жалпы саны - 6 оқушы қатысты.
3. Оқушылардың жеке іс-қағаздарының түгел болуы тексеріліп, 5, 9- сынып жетекшілеріне іс-қағаздың бірінші бетіндегі оқушылардың жас ерекшелігіне байланысты суреттері ауыстырылуы қадағаланып, орындалды.

4. 4-9 сынып оқушыларының ОЖСБ-ға дайындық шаралары ұйымдастырылып. Мектеп бойынша жоспар жасалып, үйлестірушіге, жауапты адамдарға бұйрық шығарылып, бұйрықпен таныстырылды. Негізгі пәндер мұғалімдері жоспар бойынша аптасына қосымша дайындық жұмыстарын жүргізіп отырады. Үнемі ОЖСБ-ға дайындық шараларын күшейтілу шаралары жасалып отыр.

Оқу қызметін талдау біздің осы бағыттағы жұмыстарымыздың сапасын көруге мүмкіндік береді.

Жиынтық сыныптар саны - 21, мектеп алды даярлық топтары - 2, сыныптардағы орташа толымдылық орта есеппен 9 білім алушыны құрады. 2023-2024 оқу жылының 1-тоқсанының соңында мектепте 0-11 сыныптар бойынша жалпы 194 оқушы оқиды. Оның ішінде 2-4 сынып бағаланады - 162 оқушы, барлығы аттестатталды, үлгермейтіндер жоқ.

Білім сапасы - 66,46%.

Оқушылардың оқу дәрежесі - 70,89%.

Бастауыш мектеп оқушыларының білім, білік және дағдылар сапасыны:

Бастауыш мектептегі үлгерім мен білім сапасының динамикасы (1-тоқсан көрсеткіштерін 2022-2023 оқу жылының қортындыларымен салыстырғанда) оқу сапасы көрсеткіші +1,61%-ға артты.

	Жалпы білім сапасы % 2022-2023	Жалпы білім сапасы % 2023-2024 1 тоқсан
2а	63,64	64,29
2б	100	100
паралель	75	70,59
3а	81,82	72,73
3б	100	100
паралель	85,71	81,25
4а	71,43	81,82
4б	66,67	75
паралель	69,57	80
Жалпы бастауыш бойынша білім сапасы	75,47	77,08

	үлгерім%	Даму көрсеткіші	Білім сапасы%	Даму көрсеткіші
2022-2023 жыл	100 %		75.47 %	
I тоқсан 2023-2024	100 %	Тұрақты	77,08	+ ,61 %



Бастауыш сыныптар бойынша:

Үздіктер:

1-тоқсанның қорытындысы бойынша - 12 оқушы (25,32%), 2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша - 14 оқушы (30,4%), төмендеу көрсеткіші -2 оқушы (-5,08%) оқушыға азайды.

Екпінділер:

1-тоқсанның қорытындысы бойынша - 25 оқушы (56,99%), 2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша - 26 оқушы (50,19%) даму көрсеткіші -1 оқушыға азайды, жалпы оқушылар санына байланысты пайыз артты.

Үлгермейтіндер: жоқ

Қорытынды:


1-тоқсан қорытындылары бойынша бастауыш сыныптада білім алушыларының үлгерімі бойынша сапаны арттыру бойынша жұмысты жандандыру қажет, 2-тоқсанның қорытындысы бойынша оқушылардың білім сапасын 79% -ға арттыруға міндет қойылды.

Мектеп бойынша білім сапасының % өткен жылғымен салыстырғанда 67,5-тен 1 тоқсанның қорытындысы бойынша 66,46% -ке төмендеді.

Себебі, орта буын сыптарында оқитын оқушылардың оқу жылы соңында «4» пен «5»-ке оқитын оқушылардың кетуі, жаңа оқу жылында 9а, 9б, 7б, 4б сыныптарына орташа оқитын оқушылардың келуіне байланысты, аталған сыныптарда сапа көрсеткіштері өткен жылмен салыстырғанда -2,82% -ға төмендеді.

	үлгерім%	Даму көрсеткіші	Білім сапасы%	Төмендеу көрсеткіші
2022-2023 жыл	100 %		60,82 %	
I тоқсан 2023-2024	100 %	Тұрақты	58,0	- 2,82 %

сыныптар паралелі	Жалпы білім сапасы % 2022-2023	Жалпы білім сапасы % 2023-2024 жыл 1 тоқсан
5-а	66,67	66,67
5-б	50	53,85
5 Параллель	62,5	59,09
6-а	57,14	72,73
6-б	85,71	50
6 Параллель	66,67	66,67
7-а	47,06	57,14
7-б	100	71,43
7 Параллель	57,14	61,9
8-а	52,94	50
8-б	66,67	75
8 Параллель	55	55
9-а	45,45	50
9-б	87,5	50
9 Параллель	63,16	50
Негізгі орта білім беру бойынша	60,82	58



Негізгі орта білім беру бойынша:

Үздіктер: 1-тоқсанның қорытындысы бойынша - 12 оқушы, 2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша - 11 адам (тұрақты)

Екпінділер: 1-тоқсанның қорытындысы бойынша - 49 адам, 2-тоқсанның қорытындысы бойынша - 48 адам (серпін -1 ұш)

Үлгермейтіндер: жоқ

Қорытынды:

1-тоқсан қорытындылары бойынша 5-9 сыныр мұғалімдері мен сынып жетекшілері білім алушыларының үлгерім сапасын арттыру бойынша жұмысты белсендірсін. 2-тоқсанның қорытындысы бойынша оқушылардың білім сапасын 59% -ға арттыруға міндет қойылды.

Жалпы орта білім беру бойынша:

Жалпы орта буын бойынша барлық оқушылар саны 13 адам: 10 «А» - 4 оқушы; 10 «Б» - 5 оқушы, 11 «Б» сыныбында 4 оқушы бар.

2023-2024 оқу жылының I тоқсан қорытындысы бойынша жалпы орта буын көрсеткіштерінің білім сапасы - 92,31%. 2022-2023 оқу жылының жылдық қорытындысымен (90%) салыстырғанда 2,31 %-ға артты.

	үлгерім%	Даму көрсеткіші	Білім сапасы%	Өсу көрсеткіші
2022-2023 жыл	100 %		90 %	
I тоқсан 2023-2024	100 %	Тұрақты	92,31	+ 2,31 %

	Жалпы білім сапасы % 2022-2023	Жалпы білім сапасы % 2023-2024 1 тоқсан
10 Б	100	75
10 Параллель	100	100
11 а	75	88,89
11 б	100	100
11 Параллель	85,71	100
Жалпы орта білім беру	90	92,31



Үздіктер:

1-тоқсанның қорытындысы бойынша - 2 адам, 2022-2023 жылдың қорытындысы бойынша - 2 адам (тұрақты)

Екпінділер:

1-тоқсанның қорытындысы бойынша - **10 оқушы**, 2022-2023 жылдың қорытындысы бойынша - 7 адам салыстырғанда (өсу көрсеткіші +3 оқушыға артты).


Үлгермейтіндер: жоқ

бойынша

Қорытынды:

1-тоқсан қорытындылары бойынша мектеп білім алушыларының үлгерім жағдайын талдау көрсеткендей, білім беру сапасын арттыру 2022-2023 жылдың қорытындысы 2,31% -ға өсті, бірақ бәрібір жалпы мектептің білім сапанын арттыру бойынша жұмысты жандандыру қажет, өйткені 2-тоқсанның қорытындысы бойынша жалпы мектептің білім сапасын 67% - 69%-ға аралығында арттыру міндет қойылды.

	Жалпы білім сапасы % 2022-2023	Жалпы білім сапасы % 2023-2024 1 тоқсан
Жалпы мектеп бойынша	67,5	66,46

**Білім сапасын арттыру бойынша ата-аналармен жұмысты талдау**

Мектепте ата-аналармен жұмыстың негізгі формалары ата-аналар жиналысы (сыныптық және жалпы мектеп бойынша); сынып жетекшілерінің ата-аналарымен және мектеп әкімшілігімен жеке әңгімелесу. Өткен оқу жылында төрт ата-аналар жиналысы өткізілді: қыркүйек – ұйымдастырушылық, желтоқсан – бірінші жартыжылдықтың қорытындысы, ақпан – қорытынды аттестаттау ерекшеліктері, мамыр – оқу жылының аяқталу қорытындысы (ақпан, сәуір – жалпы мектеп бойынша бітіруші сыныптардың ата-аналары үшін).

9 және 11 сынып оқушыларының ата-аналар жиналысы маңызды және қажетті болып табылады, онда мектеп әкімшілігі ата-аналарға балаларын одан әрі білім алу жолына бағыттайды. Сонымен қатар, ата-аналар 2023-2024 оқу жылы ҰБТ өткізу жаңа тәртібімен таныстырылды, оларға негізгі және жалпы орта білім туралы аттестат алу талаптары түсіндірілді.

Ата-аналар жиналысы сынып жетекшісінің оқушылардың ата-аналарымен жақсы жұмыс жасағанын көрсетті. Мектепте үлгерімі төмен оқушылардың ата-аналарымен және бағдарламаны орындай алмай жүрген оқушылардың ата-аналарымен тұрақты жұмыс

жүргізілуде. Бұл жұмыс сынып жетекшілерімен және мектеп әкімшілігімен әңгімелесу түрінде де жүргізілді.

Ұсынымдар:

Мектеп мұғалімдері 2022-2023 оқу жылының 2-тоқсанында білім сапасын арттыру үшін:

- оқытудың жоғары сапасына қол жеткізуге бағдарланған педагогикалық жүйені жетілдіру;
- субъект-субъект, жүйелік-қызмет, жеке, сараланған тәсілдерді көздейтін тұлғаға бағдарланған педагогикалық технологияларды қолдану;
- жеке тұлғаның білім беру дайындығына қажеттілігін ескере отырып оқытуды жүзеге асыруға және оқушыларды тәрбиелеумен және дамытумен өзара байланысын жүзеге асыруға;
- оқушыларда жоғары деңгейде оқуға, оң ынталандыруды дамыту тәсілдерін қолдану.
- мұғалімдер үлгерімі төмен және оқуға ынтасы төмен оқушылармен жеке жұмыс нысандарын жетілдіру;
- оқушылардың біліміндегі олқылықтарды жою бойынша жұмысты күшейту;
- ӘБ жұмыс жоспарына пәндер бойынша білім сапасының мониторингі бойынша сұрақтар енгізу.

Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс

Мақсаты:

- білімдегі олқылықтарды жою бойынша жеке жұмысты бақылау;
- үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты консультациялар, оқытушылардың жұмысы, олардың қатысуы бойынша тексеру;
- бір жыл ішінде үлгермеген оқушыларды анықтау, үлгермеу себебін талдау.

Үлгерімі төмен оқушылар кіріс бақылау (мектеп ішкі бақылау) жүргізілгеннен кейін анықталады, кеңестер мен педагогикалық кеңестерде: сабақтардағы жеке жұмыс арқылы олқылықтарды жою, білім алушылардың ата-аналарымен байланыс туралы, танымдық қызметке деген ынтаны арттыру туралы мәселелер талқыланады.

Үлгермеу себептері: интеллекттің әлсіз дамуы, есте сақтау қабілетінің нашарлығы, баланың психикалық және эмоционалдық даму ерекшеліктері, танымдық қызығушылықтардың болмауы және оқуға деген ынтаның төмендігі, білімдегі олқылықтар, оқу жұмысының дағдылары дамымаған, мектептен тыс ортаның (отбасы, құрдастар) теріс әсері.

Пән мұғалімдері сабақтарда оқытуда сараланған тәсілді жүзеге асыра отырып, үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жоспар бойынша жұмыс істейді.

Қорытынды. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жүйелі түрде жүргізіледі, үлгерімсіздіктің алдын алу үшін мұғалімдер жұмыс істейді, оның себебін анықтайды және білім алушыларға келеңсіздіктерді жоюға көмектеседі.

Ұсыныстар: үлгерімі төмен оқушыларға мінездеме жасау, себептерін анықтау, осы оқушылар үшін жетістікке жету жолдарын анықтау, оқушы, мұғалім, ата-аналармен байланыста жұмыс істеу қажет.

**Басшының ОТЖ бойынша
орынбасары**



Омарова С.Б.